

Пайдалы қазбаларды барлау үшін жария сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 82 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 сәуірде № 4938 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, "Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 05-01/381 ұсынысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес пайдалы қазбаларды барлау және барлау учаскелеріне жол жүруді қамтамасыз ету үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2025 жылдың 22 қарашасына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Golden Compass Jambyl" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлау жұмыстарын жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау талаптарының сақтасын, жер учаскелеріне жария сервитут белгілеуден келтірілген залалдар мен төлемақыны қолданыстағы заң талаптарына сәйкес өтесін.

3. Серіктестік бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін алты ай мерзімде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету қаражатынан жүргізісін.

4. Осы қаулыда көрсетілген жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар серіктестік қызметкерлерінің пайдалы қазбаларды барлау учаскелеріне кедергісіз өтуін және (немесе) өз жер учаскелері арқылы өтуін қамтамасыз етсін.

5. "Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
 - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
 - 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Нығмашевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2021 жылғы 8 сәуірдегі
№ 82 қаулысына қосымша

Пайдалы қазбаларды барлау үшін жария сервитут белгіленген жер учаскелерінің экспликациясы

№	Меншік иесі немесе жер пайдаланушының аты-жөні, тегі, атауы	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы көлемі, гектар	оның ішінде жайылым, гектар
1	2	3	4	5	6
1.	Несипбаев Арнас Максutowич	06-092-031-006	Меркі ауданы	124,0	124,0
2.	"Ар-Ас" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	06-092-097-005	Меркі ауданы	297,0	297,0
3.	Несипбаев Арнас Максutowич	06-092-031-065	Меркі ауданы	4,1864	4,1864
4.	Несипбаев Ансар Максutowич	06-092-031-160	Меркі ауданы	7,2857	7,2857
5.	"Гидроэнергетическая компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	06-092-092-003	Меркі ауданы	2,3338	2,3338
6.	Мусаханов Ақтамберди Ермекович	06-092-097-043	Меркі ауданы	91,6147	91,6147
7.	Кеңес ауылдық округінің мемлекеттік жер қоры	06-092	Меркі ауданы	2,4293	2,4293
8.	Найзакулов Аманбек	06-092-046-187	Меркі ауданы	280,4950	280,4950
9.	Нурланкулов Ханания Солтанаевич	06-092-046-151	Меркі ауданы	100,0	100,0
10.	"Сыпатай батыр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	06-092-046-179	Меркі ауданы	48,9541	48,9541
11.	Сыпатай мемлекеттік жер қоры	046	Меркі ауданы	5,2726	5,2726
12.	Несипбаева Куанышкуль Омиршиевна	06-092-031-162	Меркі ауданы	24,0466	24,0466
13.	Несипбаева Куанышкуль Омиршиевна	06-092-031-161	Меркі ауданы	27,0	27,0
14.	Бакирбаев Токтасын	06-092-054-130	Меркі ауданы	40,0	40,0
15.	Алиева Рыскул	06-092-046-235	Меркі ауданы	59,0	59,0
16.	Кенжетаете Бауржан Абылғазыұлы	06-092-046-242	Меркі ауданы	658,0	658,0
17.	Оспаналиев Еркін Шабденбекович	06-092-046-187	Меркі ауданы	445,0	445,0

18	Меркі ауданының мемлекеттік жер қоры	036	Меркі ауданы	667,9350	667,9350
19	Меркі ауданының мемлекеттік жер қоры	06-092	Меркі ауданы	10,0	10,0
	Барлығы			2894,5532	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК